

Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2016 жылғы 1 сәуірдегі № 90 "Шығыс Қазақстан облысының агроөнеркәсіптік кешені саласында инновациялық жобаларды іріктеуді ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы" қаулысына толықтыру енгізу туралы

Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2019 жылғы 27 мамырдағы № 174 қаулысы.
Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 31 мамырда № 5990 болып тіркелді

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 27-бабы 1-тармағының 5) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі "Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы" Заңының 7-бабы 2-тармағының 10-1) тармақшасына сәйкес Шығыс Қазақстан облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2016 жылғы 1 сәуірдегі № 90 "Шығыс Қазақстан облысының агроөнеркәсіп кешені саласында инновациялық жобаларды іріктеуді ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде нөмірі 4531 болып тіркелген, 2016 жылғы 12 мамырда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне электрондық түрде және 2016 жылғы 20 мамырда "Дидар", 2016 жылғы 19 мамырда "Рудный Алтай" газеттерінде жарияланған) қаулысына мынадай толықтыру енгізілсін:

аталған қаулымен бекітілген Шығыс Қазақстан облысының агроөнеркәсіп кешені саласында инновациялық жобаларды іріктеуді ұйымдастыру қағидаларында:

аталған қағидалардың 5 қосымшасында:

инновациялық жобаны іске асыру бойынша үлгі шартта:

3 бөлім. Шарттың жалпы сомасы және қызметақы төлеу шарттары:

мынадай мазмұндағы 3.2.1. тармақпен толықтырылсын:

"3.2.1. Ұсынылған есептік құжаттардың дұрыстығына, оның ішінде көрсетілген қызметтер актілеріне Орындаушы жауап береді."

2. Облыстың ауыл шаруашылығы басқармасы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы қаулының аумақтық әділет органында мемлекеттік тіркелуін;

2) осы әкімдік қаулысы мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі қағаз және электрондық түрдегі көшірмесінің

Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне ресми жариялау және енгізу үшін "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберілуін;

3) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесінің облыс аумағында таратылатын мерзімді баспа басылымдарда ресми жариялауға жіберілуін;

4) осы қаулының ресми жарияланғаннан кейін Шығыс Қазақстан облысы әкімінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Шығыс Қазақстан облысының
әкімі*

Д. Ахметов